



**«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы
әкімдігінің №51 бөбекжайы» МКҚК
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы
анықтама**

Қостанай қ.

30.06.2021 жыл

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 22 маусымдағы № 36 «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігінің № 51 бөбекжай – балабақшасы» МКҚК директорының м.а 2021 жылдың I жарты жылдығына «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің № 51 балабақшасы» МКҚК (бұдан әрі – № 51 бөбекжай) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, педагог мәртебесі туралы Заңды, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің № 51 бөбекжай – бақшасы» МКҚК жарғысын басшылыққа алады.

«Персоналды басқару»

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігінің № 51 бөбекжайы» МКҚК-да басқарушылық функциялар қызметтің бағыттары бойынша іске асырылады:

- администрация;
- кадрлық жұмыс және іс қағаздар;
- қаржы бөлімі (есепші, мемлекеттік сатып);
- оқу тәрбие бөлімі және цифрландыру;

- әкімшілік – шаруашылық бөлімі.

Штат саны 90,750 бірлікті құрайды. 2021 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша 2021 жылдың I жарты жылдықтың I шілдедегі қызметкерлердің нақты саны - 72 адам. Бүгінгі таңда медбикенің, психологтың, тәрбиешінің бос орны бар. Бос жұмыс орындарына өтінімдер «Қостанай қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ беріледі және одан әрі «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігінің № 51 бөбекжай-бақшасы» МКҚК бос лауазымға орналасуға әңгімелесу өткізіледі.

Талданып отырған кезеңде ҚР Еңбек кодексінің 49-бабы 5-тармағы бойынша 10 қызметкер өз еркімен жұмыстан шығарылды (тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты).

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша ҚР Еңбек кодексінің 49 бабы 3 тармағы бойынша 0 қызметкер жұмыстан шығарылды.

2021 жылдың I жарты жылыдығында «Қостанай қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ www.enbek.kz порталы арқылы 8 қызметкер қабылданды.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің №51 бөбекжай – балабақшасы» МКҚК қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, қызметкерлердің орташа жасы 44 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер – 3, зейнеткерлік жас алдындағы жастағы қызметкерлер - 2. Ұлттық құрам бойынша: қазақ – 54,2%, басқа ұлт өкілдері – 45,8%.

Қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін, өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес 2021 жылдың I жарты жылдығында курстық даярлықтан өтті:

1. Шуакпаева Гульнар Каспаевна: ҚР Білім және ғылым министрлігі «Инновациялық білім берудің зияткерлік орталығы» ББ (орыс тілінен курстар);
2. Фикс Лаиса Николаевна: ҚР Білім және ғылым министрлігі «Инновациялық білім берудің зияткерлік орталығы» ББ («Инклюзивт»-барлығына білім. Жалпы білім беру мекемелерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуды ұйымдасу. Нәтиже ерекшеліктері»);
3. Черных Ольга Михайловна: «Курс – мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс» (ККО, www.kko.kz);
4. Сакенова Айгуль Сериковна: біліктілікті қайта көтеру институты «Білім» «Инклюзивное образование в системе дошкольного образования»;
5. Мухтаров Алим Даулетович: «Курс – мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс» (ККО, www.kko.kz);

6. Андрейчикова Г.Х., Шмелева О.В., Ничепай О.Н., Чумерина В.Б. –ББ курстары «Қостанай облысының Білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» тақырыбы бойынша келісім комиссиясы. Еңбек дауларын шешу тәртібі (2020 жылғы 04 мамырдағы ҚР Еңбек кодексіндегі өзгерістерге байланысты).КС мүшелері іс жүзінде ҚР еңбек заңнамасын қолдануға, келісу комиссиясының жұмыс қағидаттары мен толық бірлестіктері туралы білуге; еңбек дауларында келіссөздер жүргізу дағдыларын дамытуға және консенсусқа қол жеткізуге міндетті). <https://lprofedu.kz>.
7. Базарбаева А. Б. «Сказочные лабиринты игры – игровая технология интеллектуально-творческого развития детей дошкольного и младшего школьного возраста», сәуір 2021ж., Воскобовичтің дамыту ойындары;
8. Брагинец Р.З. «Экологические воспитание детей дошкольного возраста», мамыр 2021ж., БКИ «Өрлеу»;
9. Жумабаева С.К. «Работа с детьми с ограниченными возможностями», мамыр, 2021ж., (ККО, www.kko.kz);
10. Зейнуллина А.С. «Сказочные лабиринты игры – игровая технология интеллектуально-творческого развития детей дошкольного и младшего школьного возраста», сәуір, 2021ж., Воскобовичтің дамыту ойындары;
11. Маутова А.Ж., Бекетова И.В., Шмелева О.В. «Безопасность и охрана труда», маусым 2021ж., «КАЗРОССЕРТ» Мемлекетаралық сауда - экономикалық ынтымақтастық және сертификаттау орталығы ЖШС kazrossert-urist@mail.ru

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес О.М. Черных жоғары педагогикалық білімі бар бола тұра, 2021 жылғы маусымда «Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК - ның «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша бюджеттік негізде бітіргені туралы диплом алды, біліктілігі – тәрбиеші.

24.02.2021 Ж.Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ мамандарының ұйымдастыруымен мектепке дейінгі білім беру ұйымының директоры мен әдіскері «ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттары» тақырыбында оқыту семинарын тындады.

04.03.2021 Ж. – «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ ұйымдастырған қашықтықтан оқыту нысанында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша басшылар мен жауапты тұлғаларға арналған оқыту семинары.

Мектепке дейінгі ұйымның сайтында <http://51balabaksha.kz/kz/> «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі құрылды, оған кіші бөлімдер кіреді:

- **нормативтік-құқықтық құжаттар:**

- Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 – V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»;
- Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы»;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

- **сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт:**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, Әдеп кодексін бекіту туралы бұйрық;
- Мектепке дейінгі ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- Мектепке дейінгі ұйымның Этика кодексі;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық
- 22.06.2021 ж. №36;
- Жартыжылдық бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы талдамалық анықтама;
- Комплаенс – қызметті жүзеге асыруға жауапты тұлғаны тағайындау туралы 11.03.2021 ж. №14 бұйрық.;
- 2020-2021 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспары 02.09.2020 ж.;

- **Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл.**

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесі базасында жеке тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру мақсатында 11.06.2021 жылғы № 33 бұйрығымен жұмысты ұйымдастыруға жауапты хатшы М. Л. Базарова тағайындалды.

2021 жылғы 14 сәуірде 2021-2023 жылдарға арналған өндірістік процестерді тұрақтандыру, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы қала әкімдігі, жұмыс беруші және кәсіподақ (қызметкерлер өкілі) арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып балабақша қызметкерлері 2021 жылы I жарты жылдығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы,

еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігі №51 бөбекжай – балабақшасы» МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында даулы мүдделер жоқ.

«Мүдделер қақтығысын реттеу».

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымдық өкілеттіктері бар лауазымды адамдардың жеке мүдделері арасында көрсетілген адамдардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін қайшылықтар анықталған жоқ.

Жеке өзі немесе басқалар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мүмкіндігі жоқ.

«Мемлекеттік қызмет көрсету».

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен стандарттарға, қалалық білім бөлімінің ұсынымдарына, өкімдеріне және басқа да нормативтік актілерге сәйкес «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігінің №51 бөбекжай – бақшасы» МКҚК келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау»
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» «Электронный детский сад» автоматтандырылған жүйе арқылы.

«Мемлекеттік қызметтерді көрсету «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-тармағының 8-тармақшасына сәйкес көрсетіледі.

Балабақшада мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің №51 бөбекжайы» МКҚК 2021 жылдың I жарты жылыдығында 95 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде:

- ХҚКО (ЦОН) мемлекеттік корпорация – портфолио «педагог – модератор» - 11 адам;
- Педагогтардың ҰБТ – 18 адам (академиялық адалдық қағидаларын бұзу фактілері анықталған жоқ);

- нмектепке дейінгі ұйымда жана мата түрде - 0;
- ведомствоға карасты портал «INDIGO: Электронный детский сад» - 20 мемлекеттік қызмет көрсетілді (бұзушылықсыз).

Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мақсатында 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тиімді жұмыс жүргізу мақсатында келесі жұмыс түрлері жүзеге асырылды:

1. мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құқықтық – нормативтік база бар;
2. «Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауаптыларды тағайындау туралы» 25.08.2020 жылғы № 100 бұйрық шығарылды. Жауапты тұлғалар халыққа сапалы, қолжетімді және уақтылы қызмет көрсету үшін жауапты болады, өйткені Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мемлекеттің беделін, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерге сенім деңгейін арттырады;
3. мемлекеттік қызметтер бойынша журналдар жүргізілген. Журналдар тігілген, нөмірленген, мөрмен бекітілген, балабақша директоры қол қойған;
4. балабақшада көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауаптылар мемлекеттік қызметтердің мониторингін жүргізеді, мемлекеттік саясатты сапалы және уақтылы қызмет көрсетуде жүзеге асырады;

5. бөбекжай сайтында Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен тәсілі туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін <http://51balabaksha.kz/kz/> мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттері орналастырылды;

6. МҚ көрсету бойынша әкімшіліктің азаматтарды қабылдау кестесі бекітілді; Мемлекеттік қызметтер МДҰ-ға балаларды қабылдау және қабылдау қашықтықтан жүзеге асырылады;

7. халықты ақпараттандыру үшін МҚ көрсету бойынша стандарттар мен регламенттері бар стенд бар, балабақшадағы МҚ көрсету орны анықталды.

8. педагогтік . Әдеп жөніндегі кеңес ұжымды ұлттық біліктілік тестілеуден өту кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын бұзуға жол берілмейтіні туралы тұрақты хабардар етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жыл сайын балабақша директоры жанындағы кеңестерде қаралады.

20.05.2021 жылғы білім беру бөлімі басшысының жанындағы ВКК режиміндегі директорлар кеңесінде балабақшада мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 22.04.2021 жылғы тексеру қорытындысы жарияланды.

Тексеру нәтижесінде анықталды:

- мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін бұзу;
- мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі құжаттаманы жүйелеудің болмауы;

- Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғаларды тағайындау бойынша бұйрықтарды, лауазымдық нұсқаулықтарды дұрыс ресімдемеу;

- Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алуға қолжетімділіктің болмауы (өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары);

Хаттамалық шешім негізінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету тиімділігін сақтамағаны үшін директор А.Ж. Маутова ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Тексеру барысында түзетуге жататын ескертулер жойылды:

-«өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары» деген жазуды орнатты;

-ҚР Білім және ғылым министрінің 17.07.2020 жылғы № 306 бұйрығымен енгізілген ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету бойынша стандарті жаңартты;

-мемлекеттік қызмет көрсету бойынша төрт папканың бірінде 01-18 номенклатуралық нөмірін 01-27 етіп өзгерттік;

-нұсқаулар, бұйрықтар және басқалар қайта қаралды.

Сондай – ақ, директорлар Кеңесінде 20.05.2021 жылы ВКК режимінде білім беру бөлімі басшысының жанында «Педагог қызметкерлерді аттестаттау бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсету» мәселесі бойынша балабақшада бұл бағытта ескертулер жоқ, жұмыс тиімді жүргізілуде деп көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі балабақша директорының тұрақты бақылауында тұр.

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру».

№51 бөбекжай – балабақшасы рұқсат берілген функцияларды жүзеге асырмайды.

«Бақылау функцияларын жүзеге асыру».

№51 бөбекжай – балабақшасы рұқсат берілген функцияларды жүзеге асырмайды.

«Бөбекжайдың ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер».

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігінің №51 бөбекжай – бақшасы» МКҚК-ға түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігі №51 бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-да азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

2021 жылдың I жарты жылдық ағымындағы кезеңінде жеке және заңды тұлғалардан 9 өтініш түсті, оның ішінде: 1 – жеке тұлғалардан, 8 – заңды тұлғалардан, 0 – шағым.

Өтініштердің сипатын талдау кезінде барлық өтініштер білім беру мәселелеріне қатысты екендігі анықталды.

9 өтініш қаралды (қанағаттандырылды – 9, түсіндірілді – 0, қанағаттандырудан бас тартылды – 0, Заңның 14 – бабы 7 – тармағына сәйкес өтінішті қарау тоқтатылды – 0, құзыреті бойынша басқа мемлекеттік органдарға қайта жіберілді-0, анонимдік өтініш қараусыз есептен шығарылды-0).

2020-2021 оқу жылына арналған "№ 51 бөбекжай – балабақшасы" МКҚК 2020-2020 оқу жылына жасалған және бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспарына сәйкес, I жартыжылдықта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында келесі іс-шаралар өткізілді:

- балабақшаның ресми сайтында балабақшаның нормативтік құқықтық актілері туралы ақпарат орналастырылған;

- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналарына олардың мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында жасырын сауалнама жүргізілді (мамыр 2021 ж.);

- он-лайн топтық ата-аналар жиналысы өткізілді, онда ата-аналарға (заңды өкілдеріне) білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі МДҰ саясаты бойынша түсініктемелер берілді, сұраққа білікті жауап алуға болатын ұйымдардың телефондары берілді (2021ж. қаңтар);

- ата-аналар комитеттерінің мүшелеріне «МДҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» жадынамалар (үнпарақтар түрінде) таратылды;

- тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды;

- мектепке дейінгі үлкен жастағы балаларға құқықтық тәрбие беру бойынша «Бақытты балалық шақ каруселі» атты ойын-сауық ұйымдастырылды;

- келесі тақырыпта балалармен әңгіме жүргізілді: «Честность – это...», «Не в службу, а в дружбу», «Если с другом вышел в путь»;

- «Суреттердегі Бала құқықтары туралы Декларация» МДҰ холында ақпараттық тақырып;

- ата-аналардың қорытынды жиналыстары өткізілді, онда бір жылға дейінгі жұмыс талдауы берілді (мамыр 2021ж.);

- еңбек ұжымының кәсіподақ жиналысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы орындау мәселесі қаралды (сәуір 2021ж.);

- педагогикалық кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жандандыру мақсатында МДҰ директоры презентациямен ақпараттық әңгіме өткізді (педагогтарға топтың қажеттіліктері үшін ақша

жинауға жол бермеу және мереке қарсаңында сыйлықтар қабылдау туралы түсініктемелер мен ескертулер берілді).

Мемлекеттік сатып алулар.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігі әкімдігінің №51 бөбекжай – бақшасы» МКҚК – ның интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі камтамасыз етіледі. Білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын бөбекжай сайтында жаңартылып отырады.


Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының нормаларын сақтай отырып, веб – портал арқылы жасалды. Қазіргі уақытта I жарты жылдығындабарлығы 70 шарт жасалды. Мемлекеттік сатып алу қорытындылары мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылады.

Талданып отырған кезеңде тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ. Бөбекжай қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасаған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. Мемлекеттік қызметшілер мен «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай әкімдігінің № 51 бөбекжай – бақшасы» МКҚК қызметкерлері үнемі жалғастыру, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, педагогикалық әдеп қағидаларын, №51 бөбекжайдың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтауы, лауазымдық міндеттерін орындауы тиіс.
2. Мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, ал ол болған жағдайда оны реттеу бойынша барлық тиісті шараларды қабылдау.
3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен халық арасында тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізу.
4. Іс жүргізуші азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдеріне бақылау жұмыстарын жалғастырсын.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын камтамасыз ету бойынша қызметтің тиімділігі үшін бөбекжайдың жауапты қызметкерлері өз жұмысын уақтылы, нақты және сапалы орындауы қажет.

Жұмыс тобының төрайымы:

 Ничепай О.Н.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісіліді:

 Чумерина В.Б.
 Шмелева О.В.